

С. Б. БЕКМЫРЗА

АБАЙ – ҰСТАЗ АҚЫН

Қайсыбір суреткер болмасын, ол шығармалары арқылы өзінің ой-өрісін, ақыл – парасатын, білім деңгейін, сезім толғаныстарын, дүниеге көзқарасын, жалпы өзінің алуан түрлі қырлары мен сырларын танытатыны белгілі. “Абай” трагедиясына жан-жақты егжей-тегжей талдау жасаған әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиевтің “Ақын, лирик ақын, ұлы Абай шығармаларымен өз бейнесін жасап кетті. Оқырман қауым көкейіндегі сол бейне пьесадағы бейнемен таласқандай, бәсекеге түскендей болады” [1], – деген сөздерінде үлкен шындық бар.

Абайдың бар байлығы, ең асыл қазынасы – оның қазақ поэзиясында бұрын-соңды болып көрмеген теңдесі жоқ, ғаламат жырлары десек, ол өзінің парасатқа тұнған інжу-маржандай төгілген өлең сөзімен сан мыңдаған оқушысы мен тыңдаушысының жүрегін сырлас, мұндас, жанашыр дос ретінде жаулап алған еді.

Ғұламалардың ұғымынша, суреткер тек талант иесі ғана емес, ол ең алдымен, адам, адамдық жолындағы күрескер де болуға тиіс.

“...ақын немесе суретші, ең алдымен, адам, солай болмауы мүмкін емес. Сондықтан да ол мұны құй қаласын, құй қаламасын, суреттеп отырған өмір құбылыстарына үкім айтпай тұра алмайды. Бұл үкім оның шығармасында көрініс табады” [2], – дейді Н.Г.Чернышевский.

Бұл жерде әңгіме Абайдың көркем творчествосымен өз ортасына белсенді ықпал жасаған күрескер ақын екендігі туралы болуы керек. Ақын шығармаларын оқып отырғанда оны туған халқының қамы, әсіресе жастардың болашағы қатты мазалағандығын байқаймыз.

Абай қандастарының істен гөрі сөзге үйірсектігіне, жалқаулығына, әрекетсіздігіне, көпсөзділігіне, надандығына, пәлекорлығына күйінді. Сондай-ақ, ақын өз өлеңдерінде халықты өсірмейтін ала ауыздық, бітімсіздік, берекесіздікті үнемі қырына алып сынап, мінеп отырды. Абайдың бар арман, мақсаты каналудың қыспағында екі өкпесінен тепкіленіп күй кешіп жатқан халқын қапас қамау түнектен, мешеуліктен құтқару, оқу-білімге, ілімге шақырып ұмтылдыру болды. Осы жолда ол өзінің бар асылы – өлең-жырларын өз ұлтының игілігіне жұмсады, қажетіне жаратты.

Сонымен Абай шығармаларында ақынның өз бейнесі қалай сомдалған? Көзі қарақты оқушы ақын жайлы көркем шығармаларды, ғылыми зерттеулерді

оқымай тұрып-ақ, тек Абай шығармаларын зерделеп оқып шыққанның өзінде мынаған көзі жетер еді: Абай өмір бойы адамдықтың, әділеттің туын көтерген жаны жомарт ізгілік жыршысы, қалың елі қазағын емірене сүйген, оның келеңсіз қылықтарына жаны күйген үлкен жүректі патриот ақын, заманының, замандастарының кемістік міндерін, олқылықтарын бүкпесіз көрсеткен шыншыл ақын, іргелі ел болудың, өзгелерден қалмаудың жолын көрсете алған данышпан ақын, имандылық пен жақсылықтың қас жауы, зұлымдықпен алысып өткен күрескер ақын, қоғамды да, адамды да сауықтырушы, айықтырушы, емші ақын.

Бұған қоса Абайдың біреу байқар, біреу байқамас үлкен бір қасиеті бар. Ол оның ұстаз ақын екендігі. Бұл жерде әңгіме Абайдың жастарды оқуға үндеген ғылым, білім тақырыбындағы өлеңдері туралы емес. Олар Абайдың озық дүние-танымынан туған өлеңдер. Оқу өнер-білім тақырыбындағы өлеңдер Абайдың алдында Ы.Алтынсаринде, кейін ХХ ғасыр басындағы ақындардың барлығында да болған. Абайдың ғылым, білім туралы өлеңдерінде ешкімге ұқсамайтын ерекшелік болғанымен, мұндай тақырыпта шығарма жазған барлық ақындарда мотив – біреу. Ол – ағартушылық идеядан туған халықты оқуға, өнер-білімге шақыру.

Енді Абайды ұстаз ақын деген пікірімізге оралайық. М.Әуезовтің 1934 жылы жазылған “Абай ақындығының айналасы” деп аталатын мақаласында Көкбай, Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия төртеуін Абайдың нағыз толық мағынадағы ақын шәкірттері деп атап өтеді. Олардың Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алғандығын, оның өлеңдері мен кара сөздерін оқушы әрі таратушы, тұтынушы әрі бағалаушы болғандығын, сонымен қатар бұлардың Абайдың басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазғандығын, Абайдың бағыт-бағдар беруімен жазылған бұлардың шығармалары арқылы қазақ әдебиетінде бұрын болмаған тың еңбектер туғандығын атап өтеді.

Абай шәкірттеріне тақырып беріп қана қоймай, олардың өлеңдерін үлкен талап тұрғысынан қатты сынап, түзеп, жолын айтып отырған. Кей кезде шәкірттерінің шығарғандары ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып жіберген. Мәселен, Абай “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңін Ақылбай, Көкбай, Әріп, Шәкәрім өлеңдерінің кейбір міндерін сынау үшін шығарған. Өлеңнің бірінші тармағы Ақылбайдың “Дағыстан” поэмасындағы “Ер

сөзін еріккеннен еттім ермек” деген сөзіне жауап болса, сол өлеңдегі:

Сөз айттым “Әзірет Әлі айдаһарсыз”,
Мұнда жоқ “алтын иек сары ала қыз”.
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, [3], –

дегенде, “Әзірет Әлі айдаһарсыз” деп Көкбайдың қисса жазғыштығын, “Алтын иек сары ала қыз” деп Әріп ақынның “Зияда” деген қиссасындағы сұлу қызды сипаттауын, соңғы екі тармақ “Кәрілік туралы” деген өлеңіндегі айтқандары үшін Шәкәрімді сынап, мінеуге арналған.

Абайтанушы ғалым Ж.Ысмағұлов ұлы суреткердің барлық өлеңдерінде ұстаз ақын тағылымы бой көрсеткендігін, оның өнер әсемдігін түсіндіретін эстетикалық мектебі болғандығын атап өтеді. “... Ұстаздық тәлімгерлік борыш та, сол борышты атқарудың құралы ретіндегі өлең сөз де ақынның өмір бойы арқалаған жүгі,” – деген ой айтады. Шындығы да солай. Абайдың ақындық мектебі нағыз эстетика мектебі болатын.

Ақын мен ақындық, өлең мен ән, жалпы өнер тақырыбының Абай шығармаларында үлкен орын алуы да сондықтан болса керек. Өлең мен әннің, ақындықтың не екенін, ақын мен әншінің қандай болуы керектігін Абай шәкірттеріне ең алдымен көркем сөз құдіреті арқылы түсіндіреді.

Шығыс, батыс әдебиетінің, өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің інжу-маржандарын зерделеп оқу, әдебиеттің халықтық негіздерін зерттеу Абайды өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап, ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты жайлы жаңа көзқарасқа алып келеді. Абай сөз өнерін ең алдымен үлкен қоғамдық күш, әлеуметтік тартыстың құралы деп таныды. “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы” атты өлеңі бұл тұрғыда ақынның бағдарламасы тәрізді. Ақын жақсы өлеңді даналықтың айғағы деп ұғады да, реалистік поэзияның сыр-сипаты қандай болатындығын терең ашып береді. Абай поэзиясындағы мазмұн мен түрдің үйле-сіміне айрықша зер салады, соның ішінде, әсі-ресе, көркем шығарма мазмұнын бірінші орынға қоятынын ашық айтады.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?... [4].

Осылайша іші-сырты үйлесіп келген сөз – жақсы сөз. Абай жақсы сөз деген тіркесті реалистік поэзия деген мағынада қолданады, әрі осы принципті өзі де бекем ұстайды. Басқаларға сондай талап қояды. Ақын оқушысы мен тыңдаушысын халық тағдырын жырлайтын жаңа үлгі-дегі поэзияны түсіне білуге, бағалауға үндейді. Абай өлеңнің, әннің қоғам мен адам өміріндегі қызметі жайлы ойын

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» атты өлеңінде тереңдете түседі. Өмірде өнермен байланыссыз еш нәрсе жоқ екенін үнемі баса айтады. Өз өнерін халық мүддесіне жұмсауды мақсат етеді.

Өлеңі бар, өнерлі інім, сізге
Жалынамын мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге [5], –

деген өлең шумағынан көп жайды аңғаруға боларлықтай. Ең алдымен, Абай – өз дәуірінің ақыны. Оның үстіне ол еріккен, ермек қуған жыршы емес, әлеуметтік мұрат-мүдделердің ақы-ны. Сонымен бірге ол – ұстаз ақын.

Өмірде Абай айналасына көптеген ақын шәкірттерді топтастырған ұстаз ақын болғандығы даусыз шындық. Абай оларға тақырып беріп, өлең, дастан жазғызып отырған. Мағауия дастанын тікелей Абайдың ақыл-көңесімен жазғаны белгілі. Бірақ Мағауия дастанының ел ішінде таралмауына қарағанда, ақылшы Абай да, дастанды жазушы Мағауия да Кеңгірбай туралы шын ойларын ел-жұртқа жария етпей жасырын ұстағанға ұқсайды. Мұның сыры неде екенін білу үшін Абайдың өз сөзіне жүгінген жөн. Ол қыр-қыншы сөзінде: «Осы біздің қазақтың өлген кісі-сінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?... Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп, ұқпай кетпейтіні қалай?» [6], – дейтіні бар.

Осы айтқандай, біріншіден, өлген адамды жамандауға болмайды деген түсініктегі халыққа бір рулы елдің аруақты бабасы атанған адам туралы бұрып айтылмаған сөздің түрпідей тиерін Абай жақсы білді. Кеңгірбай туралы шындықты бар болмысымен қабылдауға елдің дайын емесін сезген Абай жұртты өзінен шошындырмау үшін де жария етпеуі мүмкін. Оның үстіне Абайдың өзі айтқандай, қазақтың шын сөзге нанбайтын надандығы тағы бар.

Екіншіден, егер Абай Кеңгірбайды Еңлік пен Кебектің жөнеті деп елге жария етсе, таяқтың бір ұшы Қодар мен Қамқаны өлтірген өз әкесі Құнанбайға тиер еді. Соңғы кезеңдегі зерттеулерге қарағанда, Қодар мен Қамқаның өлімінің себебі, оған Құнанбайдың қатысы өмірде Әуезов романындағыдай болмағанға ұқсайды. Осы орайда Шәкәрімнің «Қодардың өлімі» деп аталатын жыр дастаны тарихи тұрғыдан да, көркем туынды талабы тұрғысынан да өмірдің шындығына сай келеді делініп жүр. Абай да әкесінің Қодар өліміне қатысын осылай Шәкәрімше ұғынып, түсін-се керек. Қалай болған күнде де кісі өліміне себепкер болу жақсы емес. Бірақ

осы оқиғаға қатысты арғы-бергі деректерді қарастырып, зерделеу – Құнанбай күнәсін біздің санамызда қалыптас-қандығын анағұрлым жеңілдету түседі. Күнәлары жөнінен Құнанбай мен Кеңгірбайды қатар қоюға болмайды. Абай: «Сөз айтсақ, түгел тыңдап тұра алмайтын» жұрттың өз сөзінің байыбына жетіп, түсінетініне күмәнді болды. Сондықтан да ол өзінің Кеңгірбай туралы ойларын ел-жұртқа дақпырт қылмай, құпия ұстауы мүмкін.

Абайдың Кеңгірбай туралы позициясы шындыққа сай берілмегенімен, жазушы ол ойларын көрсетуге қажетті сюжет, эпизод, детальдарды өзі таңдап алуға ерікті. Романда Абайдың шәкірттеріне Кеңгірбай туралы кейде тұспалдап, жұмбақтап сөйлеуін «үй артында кісі бар, кім не дейді?» дегендей сақтығы деп те түсінбеу керек. Оны ұстаз ақынның шәкірттерінің алдына мәселе қойып, қиын түйінді өздеріне шешкізуге әрекет жасағандығы деп ұғынған жөн.

Романда Абай мен оның айналасындағылардың, шәкірттерінің Кеңгірбайдан көп бері өмір сүрген Құнанбай туралы көзқарасы да аңғарылып қалып отырады. Бірақ өмірде Құнанбай мен Абайдың арасы дәл осы романдағыдай болған еді деп айту қиын. Дәлірек айтсақ: «...Көпшілік айта беретіндей «Абай жолы» әке мен баланың қиян-кескі айқасына құрылмаған. Құнанбайдың Абайды бағалайтын, әкесін Абайдың қадірлейтін сәттері мол» [7]. Зерттеуші ғалым Б.Майтановтың осы пікірі негізсіз емес. Әке мен бала – Құнанбай мен Абайды бір-біріне жау етіп көрсетуде әдебиет сыншыларының едәуір «үлесінің» бар екені рас. Осы уақытқа дейін жұртқа беймәлім болып жасырын ұсталып келген деректерде, тіпті Мұхтар Әуезовтің өзі жазған Абайдың алғашқы өмірбаянында да әке мен бала өмірде еш уақытта дұрдараз болмағандығы анық айтылады. Осы деректерге сүйенсек, шындығында Абайдың өмір бойы әкесі Құнанбайдың досын дос, қасын қас көріп өткендігіне көз жеткізуге болады. Романда әке мен баланың қарым-қатынасын көрсетуде тағы да сол кезеңде үстемдік құрған барлық мәселеге таптық тұрғыдан қарайтын саясаттың ықпал еткендігі байқалады. Коммунист идеологтарға ірі феодал, бай-шонжар, аға сұлтан әке Құнанбаймен жауласқан, бүкіл тобықты аруақ тұтқан Кеңгірбайдай ел билеген атаны айыптайтын Абай ғана ұнайтын.

Құнанбай қажы туралы жазылып жүрген соңғы деректерге қарасақ, оның Абайдың тәрбиесіне, адам, азамат ретінде қалыптасуына көп ықпал еткен, пенделіктен жоғары тұрған жан екендігін көруге болады. Ал Кеңгірбай би туралы не деуге болады?

Оның өмірдегі Еңлік пен Кебекке қатысты ісі Шәкәрім жырлағандай, М.Әуезов романының кейіпкерлері Ербол мен Көкбай айтқандай, тобықтының аздығынан, әл-сіздігінен амалсыз жасалған байлау болмауы да мүмкін. Сондай-ақ ол өмірде Мағауия жырлағандай, романдағы Абай, Базаралы, Дәрмендер айтқандай болуы да ықтимал. Қалай болғанда да екі жастың өліміне Кеңгірбай жазықты. Сондықтан да Абай оны айыптауға хақылы. Ол Кеңгірбай туралы әлі күнге ешкімнің батылы барып айтпаған сөздерді айтып, тобықтының аруақты бабасын жазғырады, оның ісіне шәкірттерінің жыр, дастандары арқылы үкім айтады.

Бұл бұрын ешкім айтпағанымен, көптің ойында түйткіл, тастүйін болып жүрген сыр болатын. Не нәрсені болса да тереңінен түкпірлеп ойлайтын, жұрттың көкөйіндегісін тап басып, тани білетін Абай Кеңгірбай ісін ең бірінші болып әшкере етеді. Бірақ солақай сыншылар тәрізді Кеңгірбай ісіне де, оны әшкерелеуші Абай сөзіне де айрықша таптық мән берудің қажеті жоқ. Олай дейтініміз, Кеңгірбайды осынау қатал іске итермелеген оның таптық жағдайы емес, ең әуелі оның пендешілік табиғаты. Олай дейтініміз бұл оқиғадан көп бұрын, Әз Тәуке ханның тұсында қазақтың атақты үш биі Төле, Қазыбек, Әйтеке түзген «Жеті жарғының» жесір дауына байланыс-ты жосындарында Еңлік пен Кебектің басындағыдай жағдайларда мәселені қан төгіссіз, кісі өлімінсіз шешуге болатыны анық көрсетілген.

«Біреудің әйелін күйеуінің келісімінсіз алып қашқан адам өлімге бұйырылады немесе ердің құнын төлейді, егер әйелдің келісімімен әкетсе күйеуіне қалың төлеп, қосымшасына қалыңсыз қыз беруге тиіс» [8]. Еңліктің Кебекпен қашып кетуі осы бапта айтылғандағыдан да анағұрлым жеңіл іс. Өйткені ол ешкімнің некелі әйелі емес, біреудің атастырып қойған қалыңдығы ғана. Оның үстіне өз ықтиярымен сүйгеніне кетіп отыр. Шәкәрімнің «Еңлік–Кебек» дастанындағы Еңлік сөзіне қарағанда, сол заманда аталарының атастырып қойған жерлерінің келісімінсіз өз теңдерін тауып, қосылысқан жастар аз болмаса керек. Осынау сөздерді Шәкәрім Еңліктің аузына жайдан-жай салып отырған жоқ. Ақын бұны ең әуелі сол дәуірдегі дала демократиясының заңы «Жеті жарғыға», екіншіден, ең қатал деген шарифат заңының өзіне сүйеніп айтқан болуы керек. Олай дейтініміз, дастанның 1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан «Жолсыз жаза» деген атпен жарық көрген нұсқасына жазған алғы сөзінде автор: «... Шарифатта әкесінің атастырғаны жас қызға неке есепті десе де, өзге дүниелік

пайдасын ойламай, жалғыз ғана қызының қамын ойлап берер дегені. Әйтпесе жас баланы сатып, пайдаланып, еріксіз кем-кетікке беріп, обалына қал демейді», – дейді [9].

Шындығында, өмір мен өлім арпалысып, адам тағдыры таразыға салынып жатқан шақта Кеңгірбай сияқты ел билері заманындағы ең маңызды құжат «Жеті жарғыға» арқа сүйесе, шарифатты дәл Шәкәрімше ұғынып, былайғы жұртқа түсіндіріп берсе, Еңлік пен Кебекті ажалдан арашалап алуға шамасы әбден жетер еді. Өкінішке орай, турасын айттып, қара қылды қақ жарар биіміз шындықтан бұра тартты.

Әр заманның өзінің жақсы өзгеріс, өзгешеліктерімен қатар қулық, сұмдық, зұлымдықтың небір құйтырқы түрлерін ала келетініне талай ұрпақ куә. Кеңгірбайлардың кезінде «Жеті жарғы» дүниеге келген Төле, Қазыбек, Әйтекелердің заманында болып көрмеген паракорлық деген пәле шыға бастап еді. Паракорлық жүрген жерде шындық бұрмаланбай тұрмайды, зорлық пен қиянатқа жол ашылады. Жаман қылық қашан да жұққыш қой. Абай да өз заманында паракорлық пен пәлекорлықтың онан да зор көкесін көрді, отаршылдық саясат тудырған талай сұмдықтардың куәсі болды. Бұның бәрі ұлы ақынды барынша жиіркендіріп ашу мен ызаға булықтырды. Сондықтан Абай өмір бойы паракорлық пен пәлекорлықты, екіжүзділік пен мақтаншақтықты, жалқаулық пен надандықты қырына алып өтті.

Сондықтан Абай Кеңгірбайды паракорлығы үшін, екі жасқа кескен жолсыз жазасы үшін адамшылық тұрғысынан айыптаған еді. Сол арқылы

Абай ұстаз ақын ретінде өзінің адамгершілік тұлғасымен, жеке басының үлгі-өнегесімен шәкірттерін өмірдің шындығын ізгілік тұрғысынан танып таразылауға үйретті.

ӘДЕБИЕТ

1. *Нұрғалиев Р.* Трагедия табиғаты. Алматы: Жазушы, 1968. 152-б.
2. *Чернышевский В.Г.* Эстетиканың шындық болмысқа қатысы // *Қаратаев М.* Әдебиет және эстетика. Алматы, 1970. 28-б.
3. *Абай Құнанбаев.* Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, ҚМКӘБ, 1961. 248-б.
4. *Абай Құнанбаев.* Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, ҚМКӘБ, 1961. 248-б.
5. *Абай Құнанбаев.* Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, ҚМКӘБ, 1961. 248-б.
6. *Абай Құнанбаев.* Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, ҚМКӘБ, 1961. 248-б.
7. *Майтанов Б.* Мұхтар Әуезов – суреткер. Алматы, 1995. 21-б.
8. Жеті жарғы // үш пайғамбар. Құрастырған А.Нысаналин. Алматы: Дәуір, 1992. 153-154-бб.
9. *Құдайбердиев Ш.* Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Алматы: Жазушы, 1988. 112-б.